



Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 408 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 63. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 380 (V032589) қаулысымен.

Қазақстан Республикасында кредиттік серіктестіктер қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1997 жылғы 12 сәуірдегі N 106 Қаулы) "Кредиттік серіктестіктер туралы" ережеге өзгертулер мен толықтырулар бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (А.К. Өртембаев) банктік қадағалау департаментімен бірлесе отырып, осы Қаулыны және кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Н.К.Абдулина) осы Қаулыны және кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына (филиалдарына) және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Г.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Ж о б а

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1 9 9 7

ж ы л ғ ы

4

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N

4 0 8

Қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 12 сәуірдегі N 106 Қаулысымен бекітілген
Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге өзгертулер
мен толықтырулар**

1. Ереженің кіріспесіндегі "банктік емес қаржы мекемелерінің бір түрі ретіндегі" деген сөздер "банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Ереженің және оған қосымшасының мәтіні бойынша берілген "қорының", "қор", "қорында" деген сөздер "капиталының", "капитал", "капиталында" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 6-тармақтағы "банктерден" деген сөз алынып тасталсын.

4. 9-тармақтың бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:
"Жарғылық капиталдың ең аз мөлшерін Ұлттық Банктің Басқармасы белгілейді".

5. 13-тармақтың а) тармақшасындағы "банк" сөзі "кредиттік серіктестік" сөзімен ауыстырылсын.

6. 16-тармақтың:

бірінші азат жолындағы "адамдар" деген сөз "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының 20-бабының талаптарына сай келмейтін адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші, үшінші және төртінші азатжолдар алынып тасталсын.

7. 21-тармақ:

мынадай мазмұндағы бірінші, екінші азатжолдармен толықтырылсын:

"Кредиттік серіктестік ашуға рұқсат беру туралы шешімді Ұлттық Банкі Төрағасының Банктік қадағалау департаментіне жетекшілік ететін орынбасары қабылдайды.

Ұлттық Банк кредиттік серіктестікті ашуға берілген (қайтарылған) рұқсаттарды есепке алып отырады.

бірінші азатжол үшінші азатжол деп саналсын.

8. 24-тармақтағы "және бағалы металдармен" деген сөздер алынып тасталсын.

9. 26-тармақтың:

бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредиттік серіктестік болып қайта құрылу үшін банк қайта құруды өткізуге рұқсат беру туралы Ұлттық Банкке өтініш жасауға құқылы. Банктің қайта құруды жүргізуге рұқсат беру туралы өтінішін Ұлттық Банк бір айдың ішінде

қ а р а у ғ а

т и і с . " ;

екінші азатжолдағы "банктік операцияларды жүргізуге берілген қайтарылатын лицензиялар және" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы үшінші азатжолмен толықтырылсын:

"Банкті қайта құруға рұқсат алғаннан кейін, банк Ұлттық Банкпен келісілген мерзімде, бірақ рұқсат берілген күннен бастап алты айдан асырмай, заңды және жеке тұлғалардың депозиттерін, аталған тұлғаларға берілген барлық кредиттер мен заем қаражаттарын қайтаруды, банктер жүргізген және осы Ереженің 29-тармағында көзделмеген операцияларды аяқтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Б ұ л т а л а п :

- кредиттік серіктестікке қатысушылардың депозиттеріне;
- кредиттік серіктестікке қатысушыларға берілген несиелерге;
- л и з и н г к е ;
- кредиттік серіктестікке қатысушыларға овердрафт, факторинг, форфейтинг түрінде берілген кредиттерге қолданылмайды."

10. 28-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Құрылтайшылар Кредиттік серіктестік ретінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін, он күннен кешіктірмей лицензия беру туралы Ұлттық Банкке өтініш жасауға міндетті".

1 1 . 2 9 - т а р м а қ т ы ң :

а) тармақшасындағы "айырбастау" деген сөз "сұрыптау" деген сөзбен толықтырылсын;

д) тармақшасындағы "клирингтік операциялар" деген сөздердің орнына "кредиттік серіктестікке қатысушылар үшін клирингтік операциялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

ж) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ж) кредиттік серіктестік қатысушы - заңды және жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау;"

мынадай мазмұндағы з) тармақшасымен толықтырылсын:

"з) кредиттік серіктестік қатысушылардың, тапсыруымен олардың банк шоттары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру;"

12. 30-тармақтағы "несиелік және аударым операциялары" деген сөздер қолданылып жүрген банк заңдарында көзделген банктік және басқа операциялары" деген сөздермен ауыстырылсын.

1 3 . 3 2 - т а р м а қ т ы ң :

бірінші азатжолындағы "Жүргізудің жалпы шарттарын" деген сөздер "Жүргізудің жалпы шарттары туралы Ережені" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшасындағы "проценттік ставканың" деген сөздер "сыйақы (мүдде) ставкасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) тармақшасындағы "проценттерді" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

14. 34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу және олар бойынша провизияларды есептеу талаптары кредиттік серіктестіктерге банктер үшін белгіленген тәртіппен қолданылады."

15. 37, 38, 39, 40, 41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Кредиттік серіктестік қолданылып жүрген заңдардың нормаларын, осы Ереженің талаптарын және Ұлттық Банктің басқа да нормативтік құқықтық актілерін бұзған жағдайда оған санкциялар қолданылуы мүмкін. Ұлттық Банк кредиттік серіктестікке санкция ретінде мынадай шараларды қолдануға:

а) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген негіздемелер бойынша айыппұл салуға және өндіріп алуға;

б) осы Ережеде белгіленген негіздемелер бойынша лицензияны тоқтатуға немесе күшін жоюға;

в) кредиттік серіктестіктің басшы қызметкерлерін Төраға мен Байқаушы кеңестің мүшелерінен (кредиттік серіктестік акционерлік қоғам түрінде құрылған жағдайда) басқасын осы мәселені кредиттік серіктестіктің тиісті органы кредиттік серіктестіктің аталған басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекетін қолданылып жүрген заң талаптарына сай келмейді деп тану үшін жеткілікті мәліметтер негізінде қарағанға дейін, лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттетуге құқылы.

38. Барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияны тоқтату немесе оның күшін жою мынадай негіздемелердің кез келгені бойынша жүргізіледі:

а) кредиттік серіктестіктің қызметі барысында осы Ереженің талаптары сақталмаса;

б) кредиттік серіктестік жүргізетін операциялар бойынша шарт міндеттемелерін үнемі (қатарынан он екі күнтізбелік ай бойы үш немесе одан да көп рет) тиісті түрде орындамаса;

в) кредиттік серіктестік осы Ережемен белгіленген операциялар жүргізудің жалпы шарттарын айқындау бойынша міндеттемелерді орындамаса;

г) Ұлттық Банкке есеп пен мәліметтерді бермесе немесе әдейі жалған есеп пен мәліметтер берсе;

д) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін бұзса не оның жазбаша нұсқауларын орындамаса;

е) кредиттік серіктестік осы Ережеде, кредиттік серіктестіктің жарғысында және лицензиясында белгіленген өзінің құқықтық қабілеттігі шегінен тыс операцияларды жүзеге асырса;

ж) кредиттік серіктестіктің қызметін тоқтату туралы сот шешім қабылдаса.

Ұлттық Банк банк операцияларын жүргізу тәртібінің бұзылу сипатына қарай олардың барлығын не жекелеген түрін жүргізу лицензиясын тоқтатады не күшін жояды. Лицензияның күшін жою кредиттік серіктестікті қайта тіркеуге немесе оның қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

39. Кредиттік серіктестікті ашуға берілген рұқсатты қайтарып алу мынадай негіздемелердің кез келгені бойынша жүргізіледі:

а) заңды тұлғаның кредиттік серіктестік ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде рұқсат беруге негіз болған мәліметтердің жалған екендігі анықталса;

б) заңды тұлға кредиттік серіктестік ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл бойы лицензия алмаса;

в) заңды тұлға кредиттік серіктестік ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл бойы жарияланған жарғы капиталын төлемесе;

г) кредиттік серіктестік ретінде тіркелген заңды тұлға үшін қолданылып жүрген заңдарда көзделген қызмет шарттарын бұзса;

д) кредиттік серіктестіктің қайта ұйымдастыру не оны тарату жолымен өзінің қызметін өз еркімен тоқтату туралы шешімі;

Ұлттық Банк Басқармасының кредиттік серіктестік ашуға берілген рұқсатты қайтарып алу туралы шешімі заңды тұлғаны қайта тіркеуге немесе оның қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

40. Кредиттік серіктестік:

а) Ұлттық Банктің рұқсаты болса, оның құрылтайшыларының (акционерлерінің) шешімімен (ерікті тарату);

б) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды соттың шешімімен (мәжбүрлеп тарату) таратылуы мүмкін.

41. Кредиттік серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

42. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделгеннен басқа жағдайларда кредиттік серіктестіктің қызметіне мемлекеттік органдар мен оның лауазымды адамдарының қандай жолмен болса да араласуына тыйым салынады."

16. "V. Қорытынды ережелер" деп аталатын бөлімнің атауы: "VI. Қорытынды ережелер" деп жазылсын.

17. 44-тармақтың алдынан "Кредиттік серіктестіктер немесе мемлекет өзіне мұндай жауапкершілік қабылдаған жағдайларда болмаса деген" деген сөздері қосылсын.

18. 45-тармақтағы "17-бабының 1-3-тармақтарының, 22, 40-баптарының"

деген сөздер "8-бабының 2-тармағының, 18, 22, 40-баптарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. N 1 қосымшадағы "Кредиттік серіктестіктерге" деген сөздер "Кредиттік серіктестікке" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ұ л т т ы қ Б а н к
Т ө р а ғ а с ы

орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК